**Мемлекеттік шығыстарды қысқарту және 2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу бойынша ұсыныстарды пысықтау жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 21 ақпандағы N 44-ө Өкімі

Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауында көзделген мемлекеттік шығыстарды қысқарту және үш жылдық бюджеттік жоспарлауға көшу жөніндегі тапсырмаларын іске асыру үшін:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Шөкеев Өмірзақ Естайұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші |
| Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, жетекшінің орынбасары |
| Мамытбеков Асылжан Сарыбайұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары, жетекшінің орынбасары |
| Тоқабекова Жәмилә Талғатқызы | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Бюджеттік саясат және жоспарлау департаменті директорының орынбасары, хатшы |
| Қармазина Лена Мағауияқызы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |
| Саудабаев Дәулет Советұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі |
| Нүсіпова Әсем Беккызы | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі |
| Дүйсенова Тамара Қасымқызы | - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы |

Котенко Наталья Леонидовна - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-экономикалық бөлімнің меңгерушісі

Аманбаев Жолдымұрат Ермұханұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарының кеңесшісі

Қалиева Анар Нұрдыбайқызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік бюджетті талдау және оның атқарылуы әдіснамасы департаментінің директоры

Иванова Наталья Николаевна - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қорғанысты, құқық қорғау жүйесін және мемлекеттік органдарды дамыту департаментінің директоры

Құрманғалиева Аида Дәденқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Әлеуметтік саланы дамыту департаментінің директоры

Ермекова Несіпбала Әбсағитқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Экономика салаларын дамыту департаментінің директоры

Хамитова Эльмира Рамилқызы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Әлеуметтік-экономикалық бөлімі білім, ғылым және мәдениет секторының меңгерушісі

2. Жұмыс тобы:

2008 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде әлеуметтіктен басқа, барлық бағыттар мен бағдарламалар бойынша мемлекеттік шығыстарды қысқарту жөнінде ұсыныстар;

2008 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1297 қаулысымен бекітілген Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдаманың негізінде 2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК